«Zeine kids » балабақшасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» тақырыбында ұйымдастырылған жиналыстың

Өткізілген күні: 28.05.2025 жыл
Өткізілген түрі: Жиналыс
Қатысқандар: 7 адам
Күн тәртібі

1. 2024–2025 оқу жылына арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар жоспарының орындалуына талдау жасау.
2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы атқарылған жұмыстардың есебін тыңдау.
3. Әртүрлі мәселелер.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша төрайымы А.С.Балжанова 2024–2025 оқу жылына арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар жоспарының орындалуына талдау жасады. Жоспарға енгізілген іс-шаралардың уақытылы орындалғанын, педагогтер арасында құқықтық түсіндіру жұмыстарының, дөңгелек үстелдердің, ақпараттық-түсіндіру кездесулерінің ұйымдастырылғанын атап өтті.

Екінші мәселе бойынша әдіскер А.С.Балжанова сыбайлас жемқорлыққа қарсы жүргізілген жұмыстардың есебін ұсынды. Есеп барысында жылдық жоспардың орындалу деңгейі талданып, педагогтер арасында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша түсіндіру жұмыстарының тұрақты жүргізілгені, ата-аналармен ашық байланыс орнатылғаны және заңсыз ақша жинау фактілерінің тіркелмегені айтылды. Атқарылған жұмыстардың нәтижесінде ұжымда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бағытындағы жұмыстардың тиімділігіне оң баға берілді.

Жарыссөз: О.П.Еремина – тәрбиеші. Жүргізілген жұмыстардың жүйелі ұйымдастырылғанын айтып, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын алдағы уақытта да жалғастыруды ұсынды. З.Ж.Файзуллина – тәрбиеші. Ұжымда заң талаптарын сақтау, қызметтік әдепті нығайту және адалдық құндылықтарын дәріптеу МдҰ-ның сенімділігі мен беделін арттыратынын атап өтті.

Шешімі:

1.2024–2025 оқу жылына арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар жоспарының орындалуы қанағаттанарлық деп танылсын.
2.Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жүргізілген жұмыстардың есебі бекітілсін.
3.Педагогтер арасында құқықтық мәдениетті қалыптастыру және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бағытындағы іс-шаралар тұрақты жалғастырылсын.

Төрайымы : **Абайханова Д.А**

Хатшы: **Изембаева Р.Т**

Бекітемін
Директор Абайханова Д.А.

«Zeine Kids» балабақшасының
2025–2026 жылына сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет бойынша іс-шаралар жоспары

р/н	Іс-шаралар атаулары	Орындалу уақыты	Жауаптылар
1	2024–2025 оқу жылының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеу және бекіту. ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының негізгі талаптарымен таныстыру. .«Мектепке дейінгі білім беру ұйымында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу – адалдық пен ашықтықтың негізі» тақырыбында баяндама.	Қыркүйек	Меңгеруші Нурпейсова К.К.
2	Жаднама «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!» туралы	Қараша	Меңгеруші Нурпейсова К.К.
3	«Сенім жәшігі» туралы ата-аналарға ақпарат беру.	Қараша	Тәрбиешілер
4	«Адалдық – жемқорлыққа қарсы мәдениеттің негізі» тақырыбындағы дөңгелек үстел. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша атқарылған жұмыстардың аралық қорытындысы.	Ақпан	Меңгеруші Нурпейсова К.К.
5	2025–2026 оқу жылына арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жоспарының орындалу қорытындысы. 2.«Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу – сапалы білім беру кепілі» тақырыбындағы баяндама. 3. Келесі оқу жылына арналған ұсыныстар.	Мамыр	Меңгеруші Нурпейсова К.К

«Zeine Kids» балабақшасының
«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» тақырыбында ұйымдастырылған
жиналыстың хаттамасы№1

Өткізілген күні: 12.09.2025 жыл
Өткізілген түрі: Жиналыс
Қатысқандар: 8 адам

Күн тәртібі
1.2025–2026 оқу жылына арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жоспарын талқылау және бекіту.
2.«Мектепке дейінгі білім беру ұйымында сыбайлас жемкорлыктың алдын алу – адалдық пен ашықтықтың негізі» тақырыбында баяндама.
3.Әртүрлі мәселелер.

Тыңдалды: Төрайымы Нурпейсова К.К. 2025–2026 оқу жылына арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жоспарын таныстырып, жоспарды бекітуге ұсынды. Ол сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, заң талаптарын сақтау, ашықтық пен адалдық қағидаларын ұстанудың маңыздылығына тоқталды.

Тыңдалды: Хатшы Изембаева Р.Т. «Мектепке дейінгі білім беру ұйымында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу – адалдық пен ашықтықтың негізі» тақырыбында баяндама жасап, педагогтердің қызметтік әдепті сақтауы, заң талаптарын орындауы және кәсіби жауапкершілікті басшылыққа алуы қажеттігін атап өтті.

Жарыссөз: Сабирова А.Ш. – тәрбиеші.
Жоспардың мазмұны бүгінгі күннің талаптарына сай құрылғанын атап өтіп, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу тек құжат жүзінде емес, күнделікті қызметте де көрініс табуы қажет екенін айтты.

Шешімі:

1.2025–2026 оқу жылына арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жоспары бірауыздан бекітілсін.
2.Жоспардағы іс-шаралардың сапалы әрі уақытылы орындалуы қамтамасыз етілсін.

Төрайымы: Абайханова Д.А.

Хатшы: Изембаева Р.Т.